

1. Бөлек жазылатын сөздер қатарын көрсетіңіз.  
А) Көп балалы, әлде қайдан.  
В) Асқар тау, авто машина.  
С) Ру басы, еш кім.  
D) Рұқсат қағаз, жүз басы.  
Е) Бір мың, жүз шамалы.
2. Ортаңғы буында ұяң дауыссыз келген сөзді табыңыз.  
А) Бозторғай.  
В) Қажырлы.  
С) Әбден.  
D) Ғарышкер.  
Е) Бұрынғы.
3. «Жер серігі», «ғарыш» сөздері қайсысына тән екенін анықтаңыз.  
А) Диалект.  
В) Кәсіби сөз.  
С) Көп мағыналы сөз.  
D) Неологизм.  
Е) Архаизм.
4. Үндестік заңына сай сөзді белгілеңіз.  
А) Мырзашөл.  
В) Ақтөбе.  
С) Ұлытау.  
D) Алакөл.  
Е) Ақбөпе.
5. Біріккен сөздердің қалай жазылатынын белгілеңіз.  
А) Дефис арқылы.  
В) Бірге.  
С) Үтір арқылы.  
D) Сызықша арқылы.  
Е) Бөлек.

6. Синонимдер қатарын белгілеңіз.
- A) Айлакер, қу.
  - B) Епті, орашолақ.
  - C) Артық, кем.
  - D) Ересек, жеткіншек.
  - E) Бұлтты, ашық.
7. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
- A) Арнайы келу.
  - B) Көсегесі көгеру.
  - C) Азу тіс.
  - D) Асау толқын.
  - E) Ел арасы.
8. Жатыс септіктегі сөзді табыңыз.
- A) Қолдан.
  - B) Іспетті.
  - C) Дайында.
  - D) Бесігінде.
  - E) Әсемнің.
9. Есімдіктің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз.
- Асқар әлдеқашан ұйықтап қалған.*
- A) Пысықтауыш.
  - B) Анықтауыш.
  - C) Бастауыш.
  - D) Баяндауыш.
  - E) Толықтауыш.
10. Сын есім мағынасы жағынан неше топқа бөлінеді, көрсетіңіз.
- A) 8
  - B) 6
  - C) 3
  - D) 5
  - E) 2

11. Жалқы есімді табыңыз.
- A) Қамшы.
  - B) Мұнай.
  - C) Астана.
  - D) Өзен.
  - E) Бұлақ.
12. Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөзді көрсетіңіз.
- A) Соншама күлу.
  - B) Бірталай күн.
  - C) Жорта амандасу.
  - D) Әбден шаршау.
  - E) Ертеден қалыптасқан.
13. Шылауды көрсетіңіз.
- A) Айдай жарқыраған ұл келді.
  - B) Бұл ай тез өтті.
  - C) Ай-ай, қандай баласың?
  - D) Ай-айлап кеттің.
  - E) Қарағым-ай, солай ма еді?
14. Етістікті сөз тіркесін табыңыз.
- A) Кеше келді.
  - B) Өңеші қызарды.
  - C) Айтылған сөз.
  - D) Бара алмады.
  - E) Көмек берді.
15. Еліктеуішті белгілеңіз.
- A) Далаң-далаң жүгірді.
  - B) Бырт-бырт шайнады.
  - C) Жалт-жұлт етті.
  - D) Қызараң-қызараң етті.
  - E) Маң-маң басты.

16. Бұйрық райлы етістіктер қатарын көрсетіңіз.
- A) Бара жатыр, барады.
  - B) Барсам игі еді, барғайсың, барғысы келді.
  - C) Барғай едік, барғымыз келді.
  - D) Барсаңыз, барса.
  - E) Барыңдар, барсын, барайық.
17. Жақсыз сөйлемді табыңыз.
- A) Жүзін шырамытатын сияқты.
  - B) Досын көрді.
  - C) Күн жылына бастады.
  - D) Жәрдемшіге хабар айтуға болады.
  - E) Боран да басылды.
18. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Найзаның қырлы, өткір ұшы көздеген жерден тие қоймады.
  - B) Қалаға ол күн көтерілген соң жетті.
  - C) Ол емтиханды беске тапсырды.
  - D) Іші-бауыры елжіреп, сорлы шеше балапанын қорғайды.
  - E) Ұзақ сапар шеккелі, мақсатқа осы жеткенім.
19. Қысқартылған түрінде қандай тыныс белгісі жетпей тұр, белгілеңіз.  
«Қазақ әдебиеті». «Қ Ә»
- A) Үтір.
  - B) Қос нүкте.
  - C) Нүкте.
  - D) Көп нүкте.
  - E) Нүктелі үтір.
20. Көсемше тұлғалы баяндауышты көрсетіңіз.
- A) Қораның төбесі ашылып қалыпты.
  - B) Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.
  - C) Күнде кешке әжем ертегі айтатын.
  - D) Күн батты да, тау бөктерін қара көлеңке басты.
  - E) Көрмес – түйені де көрмес.

21. Тура толықтауыш қатысқан сөйлемді табыңыз.
- A)Әдеттің жөні-әдет.
  - B)Оқусыз білім жоқ.
  - C)Өтірікші өзін алдайды.
  - D)Тек жүрсең, тоқ жүресің.
  - E) Қар жауды.
22. Хабарлы сөйлемді табыңыз.
- A)Бір топ елік жайылып жүр
  - B) Уһ, шаршап қалыппын ғой
  - C)Бізбен бірге жүресің бе
  - D)Бұл кісілер қай жердікі
  - E) Тіліңді тарт
23. Қыстырма сөзді көрсетіңіз.
- A)Пай-пай.
  - B)Менің байқауымша.
  - C)О, жасаған.
  - D)Бірақ.
  - E) Уа, шіркін.
24. Төлеу сөзді табыңыз.
- A)Жамбылға алғаш сәлем беруге Мұхтар, Сәбиттер барады.
  - B) Аман - саулықтан соң таныстық басталды.
  - C)– Абай еліненмін, – дейді Мұхтар.
  - D)– Біздің жақ дуан басы Құнанбайды жақсы білген.
  - E) Сәбит Жамбылға Сарыарқадан, Балуан Шолақ жерінен екенін айтты.

25. Мәтіннің стилін анықтаңыз.

*Отардың үйі бригаданың ең шетінде болатын. Өткен күзде жыртылған сүдігердің бір басы осы үйдің іргесінен басталушы еді. Сол сүдігерге кешке қарай трактор түсті де, Отардың ұйқысы мүлдем қапты. Онсыз да көңілі ұйқы-тұйқы болып отырған ол жылы киініп алды да, үй артына шықты.*

А) Ғылыми.

В) Публицистикалық.

С) Ауызекі сөйлеу.

Д) Ресми іс-қағаздар.

Е) Көркем әдебиет.

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

1. Есептеңіз:

$$\frac{\frac{3}{2} + \frac{3}{5}}{\frac{7}{10}} = ?$$

- A) 1,47      B) 3      C) 7      D) 0,99      E) 100

2. Есептеңіз:

$$(0,006 + 5,1 * 0,2) : 0,003 = ?$$

- A) 342      B) 34,2      C) 3,42      D) 34,04      E) 3,404

3. Теңдеуді шешіңіз:

$$5 - 2x = 17$$

- A) -73      B) -6      C) 0      D) -33      E) 77

4. Теңдеуді шешіңіз:

$$\frac{3x}{7} - \frac{4x}{5} = 26, \quad x = ?$$

- A) -70      B) -140      C) -280      D) -35      E) 0

5.  $x^2 - 9x + 8 = 0$  теңдеуінің түбірлерінің көбейтіндісін табыңыз.

- A) -8      B) 8      C) 9      D) -9      E) шешімі жоқ

6.  $(x - 5)(3x^2 + 17x - 6) = 0$  теңдеуінің түбірлерінің қосындысын табыңыз.

- A)  $-\frac{5}{3}$       B)  $-\frac{4}{3}$       C)  $-\frac{2}{3}$       D)  $\frac{32}{3}$       E)  $\frac{61}{3}$

7. Түбірлері  $x_1=4$  және  $x_2=-5$  болатын квадраттық теңдеу қайсысы?

A)  $x^2-x-1=0$

B)  $x^2+4x-5=0$

C)  $x^2-5x+9=0$

D)  $x^2-9x+20=0$

E)  $x^2+x-20=0$

8. Теңдеулер жүйесін шешіңіз:

$$\begin{cases} x^3 + y^3 = 26 \\ x^3 y^3 = -27 \end{cases}$$

A)  $(1;-3), (-3;1)$

B)  $(-1;3), (-3;1)$

C)  $(-3;-1), (3;1)$

D)  $(3;-1), (-1;3)$

E)  $(-3;1), (-1;-3)$

9. Есептеңіз:

$$\sqrt{9 - 2\sqrt{18}} = ?$$

A)  $\sqrt{6} - \sqrt{3}$

B)  $1-2\sqrt{2}$

C)  $8+\sqrt{1}$

D)  $\sqrt{3} - \sqrt{6}$

E)  $2\sqrt{2} - 1$

10. Есептеңіз:

$$\sqrt{39 - \sqrt{3\sqrt{7 + \sqrt{4}}}} = ?$$

A) -7

B) 0

C) 5

D) 6

E) 7

11. Есептеңіз:

$$5^3 * (2^3)^2 = ?$$

A) 2012

B) 2013

C) 8000

D) 128000

E) 2013000



12. 
$$\frac{(-1)^{2013} * (-1)^{2012} * (-1)^0}{(-1)^{2011} * (-1) * (-1)^{10}} = ?$$

- A) 1                      B) -1                      C) 0                      D) -11                      E) 2013

13. Шексіз геометриялық прогрессияның мүшелерінің қосындысы бірінші мүшесінің төрт есесіне тең.  $\frac{b_3}{b_5} = ?$

- A)  $\frac{9}{16}$                       B)  $\frac{16}{9}$                       C)  $\frac{27}{64}$                       D)  $\frac{64}{27}$                       E)  $\frac{27}{8}$

14.  $f(x) = \frac{3^x \sqrt{x^2 - 2x - 15}}{x^2 - 3x - 18}$  функциясының анықталу облысын табыңыз.


- A)  $(-\infty; -3] \cup [5; +\infty)$                       B)  $(-\infty; -3) \cup [5; +\infty)$                       C)  $(-\infty; -3] \cup [5; 6) \cup (6; +\infty)$   
D)  $(-\infty; -3) \cup (5; 6) \cup (6; +\infty)$                       E)  $(-\infty; -3) \cup [5; 6) \cup (6; +\infty)$

15. Ықшамдаңыз:

$$\frac{(a^2 - a - 12)(a^2 - 1)}{(a + 3)(a^2 - 3a - 4)} = ?$$

- A) a-4                      B) a+4                      C) a-1                      D) a+1                      E) a-12

16.



$x$  Суретте тікбұрышты үшбұрыш берілген.  
 $x$ -тің мәнін табыңыз.

- A) 1      B)  $3\sqrt{3}$       C) 6      D)  $6\sqrt{3}$       E) 12

17. Шеңбердің периметрінің ұзындығы  $16\pi$  болса, ауданын табыңыз.

- A)  $6\pi$       B)  $8\pi$       C)  $24\pi$       D)  $28\pi$       E)  $64\pi$

18. Арифметикалық прогрессияның тоғызыншы мүшесі 35-ке, айырмасы 4-ке тең болса, үшінші мүшесі неге тең?

- A) 11      B) 0      C) 18      D) 23      E) 71

19. Теңсіздікті шешіңіз:

$$\frac{3x-8}{2} > 5$$

- A)  $(-\infty; 6]$       B)  $(6; +\infty)$       C)  $(-\infty; 6)$       D)  $[6; +\infty)$       E)  $(-6; 6)$

20. Теңсіздікті шешіңіз:

$$\frac{x^2 - 2x - 48}{x^2 + 2x - 24} \geq 0$$

- A)  $(-6; 4) \cup [8; +\infty)$       B)  $(-\infty; -6) \cup (-3; 8)$       C)  $[-6; 4) \cup [8; +\infty)$   
D)  $(-\infty; -6) \cup (-6; 4) \cup [8; +\infty)$       E)  $(-\infty; -6] \cup (-3; 8) \cup (8; +\infty)$

21. Жазушы Невзат Бекар «КТК тарихы» атты кітабында барлық беттеріне 771 цифра қолданбақшы. Кітап неше беттен құралады?

- A) 228      B) 295      C) 227      D) 293      E) 299

22. Ықшамдаңыз:

$$\operatorname{tg} x \cdot \cos x + \operatorname{ctg} x \cdot \sin x - \cos x = ?$$


- A) 1      B) 0      C)  $\sin x$       D)  $\cos x$       E)  $\operatorname{tg} x$

23. Екі құбыр бірге жұмыс істеп бассейнді 12 сағатта толтырды.

Бірінші құбыр жалғыз жұмыс істегенде екіншіге қарағанда 18 сағат тезірек толтырады. Екінші құбыр бассейнді қанша уақытта толтырады?

- A) 36сағ      B) 35сағ      C) 34сағ      D) 33сағ      E) 32сағ

24. Үш шеңбер өзара сырттай жанасады.  $[AB]=26$  см,  $[AC]=18$  см,  $[BC]=22$  см. Центрі С болатын шеңбердің радиусын табыңыз.



- A) 5      B) 6      C) 7      D) 8      E) 9

25.  $\sqrt{(4 - \sqrt{19})^2} + \sqrt{(7 - \sqrt{19})^2} = ?$

- A) 3      B)  $13 - 2\sqrt{19}$       C) 5      D)  $11 - 2\sqrt{19}$       E)  $\sqrt{13}$

Ескерту: (\*) - көбейту.

**МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**ЕМТИТХАН АЯҚТАЛДЫ ЖАУАПТАРЫН  
ТЕКСЕРІҢІЗ**